

**№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің 10 «А» сынып жетекшісі Бакытгуль  
Жаксылықовна Казиеваның  
2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы бойынша  
жылдық есебі**

Оқу жылының басында 2023-2024 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып белсенділері бекітіліп, тәрбие жұмысының жоспары бекітілді. Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау-басшылық жасау іске асты, оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне бірінғай талаптар қойылды

2023-2024 оқу жылы 17 оқушымен басталып – 17- оқушымен аяқталды. Оның ішінде – 9 ұл бала, 8- қыз бала. Үлгермейтін оқушы жоқ. Класта отбасының әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар жоқ, толық емес отбасы 2-еу. Көп балалы отбасынан 4 оқушы бар.

Сыныптағы барлық оқушылардың тұрмыстық жағдайын тексеру мақсатында тамыз айында үйлерін аралап акт жазылды. Жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отаның құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы 3-құндылық бойынша жасалып бекітірілді.

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Биылғы оқу жылында жоғарыда ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын міндетке ала отырып төмендегі жұмыстар жасалды.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие  
Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1-ші қыркүйек Білім күніне орай «Мектеп – мейірім мекені» класс сағаты ұйымдастырылып, оқу жылының жоспары хабарланды.



Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, оқушының құқықтары мен міндеттерімен таныстырылды.



«Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында класс сағаты өткізілді, мақсаты ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін кәдірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. «Құқық басты міндет» тақырыбында ПБ қызметкерлерімен құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында кездесу өткізілді <https://www.instagram.com/p/Cxc0LyzITjY/?igsh=ZmtpaWVhYzFkMm12>, қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» танымдық сабақ өткізілді, «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» мақсаты адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға құқықтарымен бостандығын қорғауға үйрету [.https://www.instagram.com/p/Cz1VFxqICk4/?igsh=OWZycHV0MnI4YWtj](https://www.instagram.com/p/Cz1VFxqICk4/?igsh=OWZycHV0MnI4YWtj)



Қазан айында «Отанымыз-Қазақстан» тақырыбында класс сағаты өткізілді мақсаты Отаншыл мемлекетшіл, намысшыл болуға және елі мен жерінің тұтастығын қорғауға тәрбиелеу, «Имандылық тәрбие негізі» тақырыбында класс сағаты өткізілді мақсаты оқушылардың бойында адамгершілік ізгілік қасиеттерің қалыптастыру., «Тәртіп тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріннің қас жауы», Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында «Біз таза аула үшін» тақырыбында класс сағаты



өткізілді. Республика күніне орай «25-қазан Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» және «Тәуелсіздік тұғыры» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушылар 1986 жылғы көтерілістің шығу себептерін білу арқылы, көтеріліске қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізді мақтанышпен айта алды. оқушыларға Қазақстан тәуелсіздік жолында не бір «тар жол тайғақ кешулерден» өткенін, тәуелсіздік жолында елі, жері үшін күрескен батырларымыздың ерлігін, өрлігін, білімділігін көрсету егеменді болуын паш ету.

Қараша айында «Құқықтық сана қауымдық пана», «Адам құқығы бала құқығы» тақырыбында дөнгелек устел, оқушыларға мамандық дұрыс тандау мақсатында «Мамандық менің болашағымның тандауы», «Еңбектің наны тәтті» атты сынып сағаттары өткізілді.

Желтоқсан айында «Адал өмір сұру абзал қасиет», тақырыбында психологпен бірлесіп ғаламтордың қауыпы туралы оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді, «Ұлттық ойындар халық мұрасы», «Ұлттық дәстүрлер» тәрбие сағатында Ар-ұят және жауапкершілік, халқына адал қызмет ету, адал ебекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, академиялық адалдық қағидатын қолдау, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, отанның бір мүшесі екенін сезінуге үйреттім класс сағаттары өткізілді.



[https://www.instagram.com/martok\\_bilim\\_bolimi/](https://www.instagram.com/martok_bilim_bolimi/)

Қаңтар айының басындағы сабағымызды «Қазақстан халықтарының мәдениеті» тақырыбымен бастадық. Оқушыларға әр ұлттық мирасты, мәдениетті, дәріптеуге тәрбиелеу. «Адалдық ардың ісі», «қарттарым асыл қазынам», «Кибербуллингтің зардаптары» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткіздім. . Оқушыларға жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу





Ақпан айында «Отбасы қоғамның басты тірегі», «Отбасы рухани жаңғыру негізі» тақырыбында сабақтар өткізілді, оқушыларға ата-ананың өсиетін тындауға, отбасы татулығы мен берекесін қаділеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиеледім. «Ғарыш қырандары», «Фастфуд зияны» тақырыбында ашық сынып сағаты өткізілді. оқушылардың денсаулық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтіп, тазалық құралдары туралы айта білуге, оларды пайдалана білуге үйретім, өз денсаулығын сақтай білу іскерлігін дамытып, оқушыларды болашақтың тірегі болатын дені сау, жан-жақты азамат етіп тәрбиеледім.

Наурыз айында «Қазақстанның болашағы білімді ұрпақ қолында», «Алдымен сүй ардақта ата-ананды» тақырыбында сабақ өткізілді, Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету. Оқушы бойында ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу болды, Денсаулықты кәдірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалді тұрақтылыққа баулу мақсатында «Денсаулық зор байлық» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. «Көрісу күні!», «Әз -Наурыз» атты сабағымыздың мақсаты оқушыларға Ұлыстың ұлы күні туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрам екенін ашып көрсету; оқушылардың санасына халқына деген мақтаныш сезім ұялату, өнерін, мәдениетін қастерлей дамыта оқытып үйрету; мерекеге байланысты ұлағатты сөздердің мағынасына қарай оқушыларды адамгершілікке, елін, Отанын сүюге, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу болды.





Сәуір айында «Еңбек өмір мәні», «Адам болам десеңіз», «Сөйлеу мәдениеті», «Имандылық игілік негізі», «Су тіршілік көзі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларды әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарауға, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішігізет, үлкенге құрмет көрсетуге, ар-ұятты жоғары бағалауға тәрбиеледім.

Мамыр айында «1-мамыр бірлік күні», «7-мамыр отан қорғаушылар күні», «9- мамыр Жеңіс күні», «Тенге тәуелсіздіккелбеті», «Адам әдептілігімен әдемі», «Дені сау ұрпақ жарқын болашақ» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



<https://www.instagram.com/p/C6ZCatTo9IY/?igsh=enZwdm9ueW0wZWxi>



Әдеттегідей, тәрбие жұмысы кабинеттерде техника қауіпсіздігін сақтау, табиғат апаттарынан сақтану, азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастыру шараларымен қабаттастыра өткізілді.

Жыл басынан яғни қыркүйектен бастап 10 «А»сыныбының сабақтарына қатысып, сынып оқушыларының тәртібін, сабаққа деген ынталарын, үй тапсырмаларын қаншалықты орындайтындықтарын бақыладым. Бақылау кезінде оқушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырдым. Әр аптаның бірінші күндері күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым. Күнделікті 8.00 сабақ басталар кезде оқушылардың сабаққа кешігіп қалуын және сабаққа себепсіз келмей қалуларын тексеріп отырдым.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасы аясында «Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы» тақырыптарында ата-аналар жиналысы өткізілді. «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік кеш өткізілді. <https://www.instagram.com/p/C03zUzeoD3c/?igsh=cm51NXlxeXprcnZq>



Сынып оқушылары: Кушанова Акерке, Рахматуллаева Акниет, Қуанышева Самал, Дошанов Ерасыл, Мұратұлы Мамбетолла, Пашенбай Бахытжан, Демова Жансая, Сайлаубаева Нұржанат түрлі аудандық, облыстық жарыстарға белсене қатысып, жүлделі орындарға иеленді.






Оқу жылының жылдық қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі 100 пайыз, сапалық құрамы 41,1 пайызбен аяқтады. Оқушылар осы уақытқа дейін мектептің қоғамдық іс шараларына белсене қатысты. Жазғы демалыс кезінде барлығы «Жасыл ел» программасы бойынша жұмысқа орналасты.

**Ұсыныс.** Келесі жылғы мақсат міндеттерімді ары қарай жалғастырып, оқушылардың бойында ізгілікті, адамгершілікті қасиеттерді қалыптастыра отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға болып тәрбиеленуге бағыт бағдар беру және саналы, ойлы, өзін - өзі ұстай білетін азаматтар болуға тәрбиелеуге жұмыстанамын. Осы мақсатымды іске асыру үшін төмендегідей міндеттер қоямын.

- 1.11-ші класс оқушыларын мектепшілік ережелермен таныстырып, қоғамдық жұмыстарға араластыру. Аудандық, мектепшілік үйірмелерге қатысу.
2. Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқушының білімі мен біліктілігін дамыту.
3. Қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру.
4. Дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;
5. Оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.

Класс жетекшісі:  Б.Ж.Казиева